



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

5 ҚАРАША
НОЯБРЯ
2023

Түркістан облысы Созақ ауданының
ӘКІМІН САЙЛАУ
ВЫБОРЫ АКИМА

Созақского района Туркестанской области

ШАРУАЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ЕЛЕНДІ

Аудан орталығы «Даңқ» саябағы алдында «Алтын күз-2023» ауыл шаруашылығы саласын қорытындылаған жиын өтті. Жиын аясында арзан бағада азық-түлік өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ ауыл шаруашылық және жаңбырлатып суғару технологиясының көрмесі өткізіліп, асыл тұқымды мал басының түрлері тұрғындарға көрсетілді.

Мерекелік шарада барша еңбек адамдарын аудан әкімі

әкімдігі 1 орын, Жартытөбе ауыл округ әкімдігі 2 орын, Созақ және Құмкент ауылдық округ әкімдігі 3 орын алды. Жәрмеңкеге тауар әкелуді ұйымдастырған үздік ауыл номинациясымен Тасты ауылдық округ әкімдігі марапатталады.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы бойынша жоғары көрсеткіштер көрсеткені үшін озат шаруалар «Бірлік» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің төрағасы Мырзахан Назаров, «Жаңабай» ша-

ды құттықтап, марапаттады. Жиын соңы аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйі өнерпаздарының қойған концерттік бағдарламасына ұласты.

Айта кетейік, биылғы жылы теріскейлік шаруалар мол табысқа қол жеткізіп отыр. 8 ай қорытындысымен ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 12 260,5 миллион теңгені құрап отыр. Осы жылы 14 393 га егіс егілді. Оның ішінде: 310 га бидай, 1049 га арпа, 769 га жүгері, 1265 га мақсары, 494 га картоп, 482 га көкөніс, 482 га бақша, 1996 га жаңа жоңышқа, 7516 га өткен жылдардағы жоңышқа орналастырылды.

Аудан шаруалары тамшылатып суару әдісін де тиімді пайдаланып, оны толыққанды меңгеруде. 5,2 га жерге тамшылатып суару әдісі енгізілді. Шолаққорған ауыл округінен «Дәмен» шаруа қожалығы 40 га жерге жаңбырлатып суару қондырғысын орнатса, бүгінгі күнге «Атамекен» шаруа қожалығында 141 га жерге жаңбырлатып суару қондырғысын орнату мақсатында бассейн қазу жұмыстарын жүргізуде.

Жыл басынан бері 20 дана жаңа ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алынды. «Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша Созақ, Құмкент, Шолаққорған және Жартытөбе ауылдық округтері ұсынылды. Аталған ауылдық округтерінен кооперативтер құрылды. Қазіргі таңда 194 азамат құжат тапсырды. Оның ішінде 153 азаматтың құжаты 805,160 млн. теңгеге мақұлданып, 91 азамат 447, 860 млн.теңге жеңілдетілген несие алды.

Ауданда төрт түлік мал басы да көбейіп келеді. 47 777 бас мүйізді ірі қара, 286 364 бас қой, 38 478 бас ешкі, 32 440 бас жылқы, 16 027 бас түйе, 38 637 бас құс өсірілуде.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



Мұхит Тұрысбеков құттықтады.

«Ауыл шаруашылығы ауданымыздағы негізгі салалардың бірі. Ауылда өскендіктен бұл саланың ерекшелігін, қиындығын жақсы білемін. Біздің алдымызда өнім көлемін арттыру, асыл тұқымды мал басын көбейту міндеті тұр. Сіздердің еселі еңбектеріңіздің арқасында ауданымыздың агроөнеркәсіп кешені тұрақты дамып келеді. Жоғарғы кәсіби шеберлікпен еңбек етіп, ата-бабадан келе жатқан бұл саланы табысты қорытындылап отырсыздар, - деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Ауыл шаруашылығы бойынша жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, мол өнім алған үздік ауыл, кент округ әкімдерін марапаттады. Барлық көрсеткіш бойынша үздік шыққан Шолаққорған ауыл округ

руа қожалығының төрағасы Жүнісов Спандияр, «Пернебай» шаруа қожалығының төрайымы Әбілқасымқызы Гүлшахира, «Алманат» шаруа қожалығының төрағасы Омар Іргебай, «Шегебай» шаруа қожалығының төрағасы Оспанов Қайырбек, «Қайдауыл» шаруа қожалығының төрағасы Төлепбаев Бекдауыл, Таукент кент округінен жеке кәсіпкер Қаншайым Есенгелдіқызы, Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Ақберген Аманәліұлы, «Созақ үні» газетінің тілшісі Данияр Бек, «Ырыс» Микроқаржы ұйымы ЖШС-нің өкілі Ғалым Сембекұлына аудан әкімі салтанатты түрде алғыс хат табыстады.

Сондай-ақ, аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев, Түркістан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының бас маманы Таңатар Жақыпбеков шаруалар-

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР БАСТАУ АЛДЫ



Биылғы жылы аудан орталығында бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асуда. Заманауи үлгідегі 200 орындық спорт кешені мен «Жайлы мектеп» жобасы аясында 900 орындық Ы.Алтынсарин атындағы жаңа мектептің құрылысы басталды. Бұдан бөлек Ақшам және Наурыз мөлтек аудандарын толықтай ауыз сумен қамту мақсатындағы жұмыстар жалғасуда. Осылайша аудан орталығында қолға алынған ауқымды жобалар басталып, тиісті жұмыстар атқарылуда. Бұдан бөлек, Шолаққорған ауылынан Ш.Өмірбеков және Төлендиев көшелерін қосатын көлденең көшеге, Ж.Қаламбаев пен Жамбыл көшесінің жалғасына, Жібек жолы көшесінің қосындысына, Нұрлы жол көшесіне асфальт төселіп, орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Е.Өмірбеков, С.Абуов-1, С.Абуов-2, М.Әуезов-1, М.Әуезов-2 Қ.Рүстемов, А.Иманов және Әйтеке би көшелері жарықтандырылды. Ауылдық округке қарасты Жеткіншек, Абай және Балдысу, Қарабұлақ елді мекендерінің орталық көшелеріне асфальт жабындысы төселіп, жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ Абай елді мекені тұрғындарын 24 сағат ауыз сумен қамту үшін А.Иманов атындағы жалпы орта мектебіне 25 метр және су құбыры мұнарасының қасынан тереңдігі 140 метр болатын ұңғыма құдық қазылды. Сонымен қатар, бүгінгі таңда «Katsco» қазақ-француз біріккен кәсіпорны» демеуші-

лігімен С.Абуов көшесінің бойынан салынған кіші футбол алаңшасы мен балалар ойын алаңы ел игіліне берілді. А.Спатаев көшесінің бойында салынып жатқан алаңша жақын күнде іске қосылады. Бұған қосымша, биылғы жылы «Инкай» БК» ЖШС демеушілігімен Қарабұлақ, Жеткіншек елді мекендеріне және Шолаққорған ауылының Ж.Ерімбетов көшесіне балалар ойын алаңын салу жоспарлануда. Бұл жөнінде аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шолаққорған ауыл округінің тұрғындарымен өткізген есептік жиында мәлімдеді.

Сонымен қатар, бүгінде Шолаққорған ауылында газ, су құбыры желілері қазылып жатқандықтан жол жөндеу жұмыстары кейінге қалдырылғанын айтып, қазіргі таңда Шолаққорған ауылындағы асфальт жабындысын төсеуді қажет ететін көшелер тізімі мен картасы жасалып, жөндеуге ұсыныс әзірленіп жатқанын тілге тиек етті.

Жиында тұрғындар атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, келелі жылға бірқатар ұсыныс-пікірлерін жолдады. Аудан басшысы айтылған әрбір мәселені назарға алып, маңыздылығына тоқталып өтті. Есептік жиын соңында бірқатар тұрғындар жеке мәселесі бойынша жүгініп, көкейде жүрген сауалдарын қойды. Сала мамандарына көтерілген мәселелердің шешу жолын жан-жақты қарастырып, тиісті жұмыстарды атқаруды тапсырды.



жеткізіп, құттықтау хат пен сый-сияпатын табыс етті.

Сонымен қатар, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, кеш кейіпкерінің шәкірті Дәулет Тұрсынұлы және университет қабырғасында бірге білім алып, облысымыздың айнасы «Оңтүстік Қазақстан» газетінде ұзақ жыл абыройлы қызмет атқарған Суханберді Оразалиев ұйымдастырылған шараның маңыздылығына айрықша тоқталып, кештің басты кейіпкеріне ыстық ықыласын білдірді.

Шараны ұйымдастырушы барша азаматтарға алғыс айтып, Қазақстан Жазушылар Одағы мен «Оңтүстік Қазақстан» газеті редакциясы атынан арнайы құттықтау хат пен сый-сияпатын табыстады.

Тағылымды шараға арнайы келген Түркістан облысының Құрметті азаматы Сексенбай Тұрсыбеков әдебиет әлемінде халықтың қадір – қасиеті арқылы кестеленген шығармалары мен аудан тарихы жайында әңгіме өрбітіп, кеш кейіпкеріне айрықша сый-құрметін білдірді.

Жерлес жазушымыздың мерейтойы тойланды

«Мыңжылқы» мәдениет үйінде Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ауданның Құрметті азаматы Өтеш Қырғызбаевпен кездесу кеш өтті.

Кеш кейіпкерінің өмірі мен шығармаларына арналған бейнебаянмен бастау алған шараға аудан әкімі Мұхит Тұрсыбеков арнайы қатысып, бойындағы бірнеше дарынымен танылып келген, саналы ғұмырын жазушылыққа арнап, ұзақ жылдар бойы хықыр қаламымен талай дүниелерді қамтып, проза жанры мен журналистика саласында із қалдырып, қазақ елінің әдебиетіне, мәдениетіне үлкен үлес қосып жүрген жерлесіміз Өтеш Өтеуліұлына ақ тілегін

Өтеш Өтеуліұлының туыстары ҚР Халық ағарту ісінің үздігі, Ұрзада Тоқбергенова мен ардақты ана Әсия Әбжанқызы ізгі тілектерін арнады. ҚР Журналистер одағының мүшесі, ақын, ардагер ұстаз Байділда Айдарбеков өлең жолдарын арнап, алдағы күндеріне шығармашылық табыстар тіледі.

Шара соңында Өтеш Қырғызбаев түлеп хшқан хясы, алтын бесігі Созақ жеріне деген сағынышын жеткізіп, «Телқоңыр» тарихи романының тұсауы кесілді.

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары әсем ән орындап, келген қонақтар фойеде қаламгер жерлесіміздің шығармашылығына арналып қойылған көрмені тамашалады.

КІШІ ФУТБОЛ АЛАҢШАСЫ МЕН БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Шолақорған ауылындағы С.Абуов көшесінің бойынан тұрғындар сұранысына орай «KATCO» қазақ-француз біріккен кәсіпорны» демеушілігімен салынған кіші футбол алаңы мен балалар ойын алаңшасы ашылып, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Спорт нысанының ашылу салтанатында аудан әкімі Мұхит Тұрсыбеков құттықтау сөз сөйлеп, шараға арнайы қатысқан «KATCO» БК ЖШС-нің бас директоры Паскаль Бастьенге және «KATCO» БК ЖШС-де коммуникация және КӘЖ басқармасының бастығы Айжан Алдабергенова мен КӘЖ бойынша менеджер Шолпан Колдасбековаға арнайы алғыс хат табыс етіп, құрмет көрсетті.

Бұқаралық спортты дамыту мен жас ұрпақ тәрбиесі қай заманда болмасын уақыт сәрсеннен түскен емес. Аудан жастарын жеке тұлға етіп қалыптастырып, болашаққа деген сенімін нығайту, ізгілікке, еңбекқорлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеп, бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін жобалар әр кез назардан тыс қалмайды. Қазіргі таңда аудан халқы «Катко» қазақ-француз біріккен кәсіпорнын әлеуметтік алдындағы жауапкершілікті адал атқарып келе жатқан компания ретінде таниды. Жыл басынан бері кәсіпорынмен бірлесе отырып, жастар саясатын тиімді жүзеге асыру мақсатында бірнеше жобаларды іске асырдық. С.Қожанов атындағы ескі музей ғимараты балалар шығармашылық үйіне арналып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ғимарат қажетті жабдықтармен то-



лықтай қамтылды. Бүгін міне, кіші футбол алаңы мен балалар ойын алаңшасын ел игілігіне ұсынып отырмыз. Тек бұл ғана емес, аудан орталығындағы А.Спатаев көшесінің бойында салынып жатқан ойын алаңшасы да жақын күнде пайдалануға беріледі. Біз мұнымен шектелмейміз. Алдағы уақытқа да нақты жоспарларымыз бар,- деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Сондай-ақ «KATCO» БК ЖШС-нің бас директоры Паскаль Бастьен өскін ұрпақ салауатты өмір салтын ұстанып, тәнін шынықтыратын орынға айналатынына өз сенімін білдірді.

Созақ ауданының Құрметті азаматы Бүркіт Арынбеков, ардагер ұстаз Бақыт Әметов ақ тілектерін арнап, ауыл қариясы Сатыбалды Ізбалаев батасын берді.

Шарадан соң аудан басшысы «KATCO» БК ЖШС-нің бас директоры Паскаль Бастьенмен бірлесіп тұрғындар сұранысына орай Жібек жолы-2 көшесінен ойын алаңын салуға

қолайлы орынға барып, құрылысты бастау мәселесін пысықтады.

Айта кету керек, аудан әкімдігі мен «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ әлеуметтік жобаларды қолдау аясында бірлескен жұмыстарды тұрақты түрде атқарып келеді. Осы уақытқа дейін аудандағы ауылдық округтер мен кенттерде «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ қарасты кәсіпорындар бірнеше «Street Workout» және балалар ойын алаңы мен әлеуметтік нысандар ашып, көше жарықшамдарын орнатуда. Биылғы жылы қосымша «Инкай» БК ЖШС демеушілігімен Қарабұлақ, Жеткіншек елді мекендеріне және Шолақорған ауылының Ж.Ерімбетов көшесіне балалар ойын алаңын салу жоспарлануда.

Шараға ауыл тұрғындары, бірқатар бөлім, мекеме басшылары, сала мамандары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Таукент кентінің тұрғындарымен кездесті

Аудан әкімі Мұхит Тұрсыбеков Таукент кентінің тұрғындарымен кездесті. Онда бүгінге дейін атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарларымен бөлісті.

-Биылғы жылы Таукент

Сондай-ақ Жыныс ата елді мекені тұрғындарының сұранысына орай ішкі көшелеріндегі электр бағаналары ауыстырылуда,- деді аудан басшысы.

Сонымен қатар, Таукент



кентінде тұрғындар сұранысына орай бірқатар жұмыстар атқарылуда. Аудандық бюджет есебінен Таукент кентінің Қ.Сатбаев, Е.Ерімбетов, Мыңжылқы, Тәуелсіздік, Болашақ, Мәңгілік ел, Тұран, Қаратау және Келіншектау көшелеріне көше жарықшамдары жүргізіліп, ел игілігіне пайдалануға берілді. Бұған қосымша кент ішіндегі көпқабатты тұрғын үйлердің ауласы мен Жыныс ата көшесі де қоса қымтылып, жарықтандырылды. Демеушілер есебінен Геологтар, Бейбітшілік және Тәуелсіздік көшесінің қалған бөлігіне көше жарықшамдарын орнату жұмыстары басталды. Жақын күнде іске қосылады.

кентінде «Шолақорған-су» КММ мекемесіне қарасты орталықтандырылған жылу қазандықтарында жүріп жатқан ағымдағы жөндеу жұмыстарының барысына да тоқталып өтті.

Жиын барысында тұрғындар аудан көлемінде атқарылған жұмыстарды тыңдап, келелі жоспарлардан хабардар болып, бірқатар ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Аудан басшысы алдарыңызға келудегі басты мақсатымыз туындаған сұрақтарды ашық түрде талқылап, алдағы атқарылар жұмыстарды пысықтап алу екенін айтты.

Жиын соңында бірқатар тұрғындар жеке мәселелері бойынша қабылдады.

ҮНДЕУ

«Қарттарға қамқорлық» айлық акциясына қатысуға шақырамыз

Құрметті қазақстандықтар!

1 қазан- Халықаралық қарттар күні жақындап келеді. Бұл күн біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарға қамқорлық» акциясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденеу өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда. Жасының егде тартуына, денсаулығының сыр беруіне байланысты қарттардың көптеген шешілмеген мәселелері туындайтын білесіздер, сондықтан оларға қолдау көрсету туған-туыстары мен барша қоғамның міндеті.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жан жылуы пен мейірімге зәру. Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарға қамқорлық» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Республикамыздағы атқарушы органдарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылымдарын, еріктілерді, қарияларға әсіресе мүгедек ардагерлерге, жалғыз басты зейнеткерлерге, аз қамтылған қарттарға арнайы көңіл бөлуге үндейміз. Оларға материалдық тұрғыдан қол ұшын созуға, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына қолдау көрсетулеріңізді сұраймыз. Өз елінің патриоты ретінде акцияға бей-жай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып үлес қосады деген үміттеміз.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі.

ӘКІМДЕР САЙЛАУЫ-САЯСИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖЕМІСІ

Президент Қ.Тоқаевтың басты бағытты саяси реформаларға бұрып, мемлекеттік басқару жүйесін реттеуді қолға алғаны өте құпталыққа қадам болды. Өйткені басшылықты реттеп алмай, тіршілікті түзеу қиын. Елімізде адал әрі әділ мемлекеттік қызметшілер мен депутаттар болуы тиіс. Жаңа Қазақстанды сондай азаматтар аяғына тұрғызады. Саяси жаңғыру болмай, әлеуметтік, экономикалық тұрғыда даму да, өсу де мүмкін емес. Сол себепті сайлау жүйесіне біршама өзгерістер енгізілді. Атап айтсақ мәжіліс және мәслихат сайлауы тәртібі өзгеріп, мажоритарлы жүйемен өткізілді. Яки, Мәжіліс депутаттарының 70 пайызы пропорционалды, 30 пайызы мажоритарлы жүйемен сайланды. Төменгі палатадағы 49 депутаттың ішінде 6 саяси партияның өкілдері де бар. Ал, облыстық мәслихаттарда 50 пайызы пропорционалды, 50 пайызы мажоритарлы жүйемен сайланғандар болса, аудандық мәслихаттарда 100 пайыз өзін-өзі ұсынған депутаттар. Президент партиялардың институционалды және ұйымдастырушылық қабілетін арттырып, бәсекелестікке бейімделуіне көңіл бөліп отыр. Жалпы жаңа үлгі Парламенттің төменгі палатасына жаңаша көзқарасты азаматтардың келуіне мүмкіндік берді. Бір мандатты округ бойынша өзін-өзі ұсынып сайланған депутаттың бірімін. Императивті мандатқа көшу арқылы депутаттардың өзара сайлаушылармен байланысын нығайту көзделген. Аманат арқалаған сайын жауапкершілік күшейеді екен. Абай хақим айтқандай Құдайдан қорқып, пендеден ұялып жұмыс істейсің.

Сол сияқты ауыл, аудан әкімдерінің сайлауы да жаңашылдық. Президент бастамаларының барлығы да адалдық пен әділдікке негізделген, билік пен халыққа игілікті екені дау-



сыз. Саяси трансформация адалдықтың сақталып, әділдіктің орнауын қалыптастыратын ойын ережесі. Бұл сан салада көз қысты, бармақ бастылық пен монополияның түп-тамырымен жоюға жол ашады. Жаңа Қазақстанды құру үшін бетке алған бағыттан танбай, жаңа белестерді сөзбен емес нақты іспен бағындыру керек.

Ауыл әкімдерін сайлау тәуелсіздік тарихындағы айтулы белестің бірі болды. Енді, міне аудан әкімдері де сайланбақшы. Әкім сайлау – қазаққа бейтаныс рәсім емес. Бабаларымыз болыс, би, қазыларды да, ханды да сайлаған. Ұлы далада қалыптасқан сайлауы да, заңы да, басқару жүйесі де болған. Сол үдеріс жаңғырып жатса, неге құптамасқа. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкімдер сайлауын қолға алуы саяси реформаларға тың серпін берді. Былтырдан бері мыңнан аса елді-мекенде сайлау өтіп, 603 ауылдық округ әкімі сайланды. Олардың 215-і өзін-өзі ұсынса, қалғаны қайта сайланған

бұрынғы әкімдер. Биыл пилоттық жоба ретінде алғаш енгізіліп отырған сайлау 3 қала мен 42 ауданда өтеді. Олардың барлығы көпшілік сеніміне ие болғандықтан әкім болып сайланады.

Үміткерлерге талапты күшейту керек. Қазір бөліп ал да билей берге салынып, “болыс болдым, мінеки” деп әкімдікке мансап үшін таласатын кезең емес. Керісінше ел үшін еңбегін аямайтын заман. Әкім сайлауы кандидаттар арасында бәсекелестік тудырады. Жергілікті жұртшылықтың атқарушы билікті өзі таңдап, өзі сайлауы демократиялық жариялылықтың арқасында. Атқарушы билікті сайлау әлемдік тәжірибеде бар. Америкада да штат губернаторлары мен қала мэтрлерін сайлайды. Есесіне ел де тыныш, жоғарғы билік те тыныш. Әр округ өзі аттай қалап сайлаған адамына сенім артады, сенімін ақтамаса мерзімінен бұрын алып тастай салады. Яки, жұмыс істемейтін әкім халыққа, халық та өзі таңдап сайлаған әкіміне ренжімейді.

Алдағы аудан әкімдерінің сайлауы сәтті өтетініне күмән жоқ. Тек халық сөздің емес істің адамын таңдаса игі. Қазір мұндай таңдау туындап тұрған шақ. Сайлауға 25 жастан асқан мемлекеттік қызметте еңбек етілі бар азаматтар өзін-өзі де және кез-келген партияның ұсынысымен де түссе, халық өзінің қалауысын сайлай алады. Әкім ортақ тұлға. Сондықтан әкімдер ұлтқа, руға бөлуден бойын аулақ ұстап, тек халық деген ұғыммен жұмыс істеп, сенімді ақтау басты міндет. Тек сонда сайлаушылардың сайлауға және атқарушы билікке деген сенімі артады.

Түкпірде бір әкім сүрінсе, барлық

билікке сын. Президент әкімдердің – биліктің әрбір елді мекендегі тікелей өкілі ретінде жұрт олардың қызметіне қарап бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін бағалайтынын айтты. Сондықтан тиімді мемлекет және әділетті қоғам талаптарына сай болу үшін сайлауды әділ өткізуді тапсырды.

Әкімдерді сайлау дер кезінде қолға алынған іс. Аудан әкімдерін сайлаудың өзі ауыл әкімдері сайлауының сәтті өткенінің белгісі. Сайлау не үшін керек? Әкім болатын үміткерлер арасында бәсекелестік пайда болады әрі жарысып жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Халық та бір сайлауда үдесінен шықпаған әкімді екінші рет сайламайтын болады. Сол үшін әрбір адам «сайламасақ та сайлаулы» деген сенімсіздіктен арылып, сайлауға азаматтық борыш деп қарауы тиіс. Мемлекет басшысы халық пен билік арасында ашық диалог қалыптастырып, бірлікте тірлік кешуге шақырады. Жаңадан жасақталып жатқан реформалар жаңа әрі әділетті Қазақстан құрудағы алғы шарттар.

Қытайдың әйгілі ойшылы Конфуций «Өз отбасында тәртіп жоқ адам, мемлекетті тәртіпке келтіре алмайды» деген. Мемлекет ауылдардан, қалалардан, облыстардан құралады. Президент айтқандай әкімдер мемлекеттің жер-жердегі өкілдері болғандықтан халық тарапынан айтылған әрбір сын-ескертпелерді шын қабылдап, елмен алыспай проблеманы шешумен айналысқаны абзал. Әкімдер ортақ тұлға. Сондықтан олар ұлтқа, руға бөлу емес, халық деген ортақ ұғымды ұстанып, жұмыс істесе жаңа реформалардың жеңісі сол болады.

Қайрат БАЛАБИЕВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты.

«Бақытты болашақ үшін: адал ұрпақ, парасатты азамат, ашық қоғам»

Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде өткізген кеңесте – «Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Былтырдан бері жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпебет келуде», – деді Президент.

Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастырумен Аудан көлеміндегі 10 ауылдық округ пен 2 кентте және Созақ ауданының Полиция бөлімі мен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметкерлерімен «Бақытты болашақ үшін: адал ұрпақ, парасатты азамат, ашық қоғам» тақырыбында 14 кездесу ұйымдастырылды. Кездесудің мақсаты аудан тұрғындарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-



көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көрсетіп берді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсетілген. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және

осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері мыналар болып табылады: -мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы; -құқық бұзушылыққа немқұрайды қарайтын, қызметтік тәртібі төмен кейбір мемлекеттік органдар; -кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүддесін емес, өзінің жеке басының жайын күйттеуі; -кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының мардымсыздығы; Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмал,

тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үдесінен шығатынымыз сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың белгісімен іс қозғаудың бір негізі-азаматтардың арызы. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті, Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатуымыз құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, тұрасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адам қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Жандар БЕКБЕРГЕНҰЛЫ,
«Созақ жастары» ҚБ төрағасы.

Моңғолияға сапарға шығар алдында туған жерім Созақ ауданына барып, аудандық «Созақ үні» газеті редакциясында болып бас редактор Сәрсенбек Теңізбаев ағамызға алдағы сапарға қатысты жолжазба әзірлеп, газетке жариялауға беремін деп уәде беріп едім. Сол мақсатта аудандық төл басылым арқылы көзі қарақты оқырмандарымыздың назарына Моңғолия сапарынан жолжазбамды ұсынамын. Және бұл сапарымды Созақ ауданының 95 жылдық мерейлі мерекесіне арнадым.

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ежелгі және ортағасырлық Қазақстан мен іргелес елдер тарихы бөлімінің ғылыми қызметкерлері Жанымхан Ошан, Елдос Сауырқан үшеуміз 24 тамыз күні Моңғолия еліне ғылыми іссапарға аттанып кеттік. Жоғары да айтқанымдай алдымен Созақ ауданындағы киелі орындарды аралап зиярат етіп бастадым.

Сапарымыздың бірінші күні Моңғол Ғылым Академиясының Тарих және этнология институтының директоры Цегмед Церендоржпен кездесіп, сапарымыздың мақсатын



Моңғолия сапарынан жолжазба

түсіндіріп, институтымыздың директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор З.Е. Қабылдиновтың сәлемін, ұсыныстарын жеткіздік.

Доктор Церендорж өзі басқарып отырған институт жұмысы, ғылыми жобалар, институт қызметкерлері туралы таныстыра келе, біздің тараптан айтылған ұсыныстарды қолдау ретінде моңғол тарапынан 3 біріккен ғылыми Жобалар тақырыбын ұсынды. Бұдан өзге, біздің институтпен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойдық.

Ғылыми іссапарымыздың бұдан кейінгі күндері Моңғолия Мемлекеттік архивінде, Шыңғыс хан музейінде, UNESCO Ұйымының көшпенділер өркениетін зерттеу Орталығында, Баян Өлгей Орталық кітапханасында, Баян Өлгей аймақтық мәдениет басқармасында, Улан-Батор іргесіндегі Тонькөк ескерткішінде, Қарақорымдағы Білге қаған, Күлтегін ескерткіштері көрмесінде, Хэнтей аймағындағы Шыңғыс хан қаласындағы музейлерде болдық.

Кең байтақ моңғол даласына орналасқан (Баян-Өлгей мен Улан-Батордың ара қашықтығы 1800 км.) осы ғылыми мекемелер мен тарихи нысандарды аралап шығу көп уақытты алатын сыңайлы болды. Улан-Батордағы көлік кептелісі де Алматының тығынынан артық болмаса кем емес екен. Сондықтан, он күнге жоспарланған жұмыстарымыздың нәтижелі болуы үшін екі топқа бөліндік.

Сапарымыздың жемісті болуына институт директоры, профессор З. Қабылдиновтың Моңғолиядағы әріптестерімен біздің іссапар барысы туралы алдын ала келісіп алуы оң ықпал етті.

Бұдан өзге, моңғолиялық жас қазақ зерттеушілері - Түркияда білім алып жатқан Шынарбек Сейітханұлы, улан-баторлық Уатхан Елтай, Зәуреш Смағұлқызы, Алтынбек Тоқтарбайұлы, Баян-Өлгейде мәдениет басқармасында жұмыс жасайтын, ғалым-археолог Өмірбек Биқұмарұлы көп жәрдемдесті.

Нәтижесінде, ниеттенген шаруаларды толығымен орындап, іссапар жоспарына сәйкес бұрын соңды жарияланбаған еліміздің түрлі тарихи кезеңдері мен тарихи тұлғаларына қатысты тың архив құжаттарын алдық, бізде және оларда жарық көрген ғылыми еңбектермен алмастық. Моңғолияның ғылыми мекемелеріне Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Та-

рих және этнология институтының жұмысын таныстырып, моңғол ғалымдарымен ортақ ғылыми зерттеу тақырыптарын анықтап, басшыларымен бірігіп ғылыми зерттеулер жүргізу туралы келісімдерге қол қойдық.

Моңғол-Қазақ байланысы және Шыңғыс хан

Моңғолияға келгенде бірінші анық байқалатын нәрсе моңғол халқының кеңқолтық толеранттығы мен сол толеранттықтың шынайы, мызғымас ұлттық рух іргетасына орналасуы. Ұлттық идеологияның қайнар көздері-тіл, дін, дәстүр және тарих өздеріне лайықты орында. Осылардың

әуесқойлардың әрекеттері баланың ойынындай көрінеді. Олар осы әрекеттері арқылы тек моңғол мен қазақтың арасына ғана емес, қазақ пен қазақтың арасына от салып жүргенін білмейтін сыңайлы.

Біздің сапар, кездесу туралы Моңғол Ғылым академиясының Тарих және этнология институтының ресми сайтында «қазақ ғалымдары институтымызда қонақта» деген хабарлама беріліпті. Әлгі хабарламаның соңына жазылған комментариілерде моңғол зиялыларының бұл сапарымызға аса қуана қоймағаны анық байқалады. Солардың бірі: «Бұл қазақтар шыңғысханды қазақ деп оттап жүр. қытайлар мен қазақтармен тарих саласы бойынша ешқандай да ынтымақтастық жасауға болмайды» деп жазылыпты.

Оның тегі, руы туралы айқын тарихи деректерге қарамастан Шыңғыс ханды қазақ деу неге сүйеніп айтылып, жазылып жүр? Жарайды, ол қазақ бола қойсын. Шыңғыс ханды мемлекеттік тұрғыда дәл осы моңғолдар сияқты бүкіл қазақты біріктіретін ресми идеологиялық тұлға ретінде көтере аламыз ба? Егер моңғолдар сияқты оны барша қазаққа ортақ тұлға ретінде таныса жақсы, енді Шыңғыс ханды қазақтың жекелеген руына теліп, бірліктің емес, алауыздықтың шоғын үрлеп отырған жоқсындар ма?

Осы орайда, қазақты қалмақ, қалмақты қазақ еткеннен не ұтасыздар? Аллаға шүкір, жоқ емес, барларыңызды бағалап алсаңыздар абзалырақ болар еді дегім келеді.

Сонымен, Шыңғыс хан Моңғолияның ресми ұлттық-мемлекеттік идеологиясының темірқазығы. Қазақстанның жерімен парапар аймақта өмір сүретін 3 млн. моңғол «санымыз аз» деп жыламай, шынайы тәуелсіз, шама шарқынша өмір сүріп жатыр.

Тұрмыс-тіршілігі, көшпенділік мәдениеті, шаруашылығы жағынан қазақтарға жақын. Дегенмен, бірнеше ғасырлық діни айырмашылық (олар 15 ғасырда ламаизмді қабылдаған) тілдік, қазіргі мәдени тұрғыда қазақтардан ерекшелендіріп тұрады.

Өкінішке орай, экономикасы шикізаттық бағыттағы бұл елдің халқының әлеуметтік жағдайы салыстырмалы түрде төмендеу. Осыны пайдаланған шет елдік христиандық-баптистік миссионерлер моңғолдарды өз діндеріне тарту үшін халық арасында бөлсенді жұмыс жасауда. Бұл салада Оңтүстік Корея миссионерлері алда. Кейбір мәліметтерге қарағанда, елде 200 – ге жуық христиан-баптистік шіркеулері қызмет етуде. 3 млн халықтың әр 15 мыңына бір шіркеуден келеді. Марко Поло, Карпини мен Рубруктардың тісі батпаған көшпенділер, енді, XXI ғасырда жат дінді уағыздаушылардың торына түсіп жатыр.

Улан-Батордағы үлкен мешіттің құрылысы тоқтап тұр. Бір қуанарлығы, Моңғолия қазақтары арасында христиан баптистерінің уағызына ұйығандары жоқ. Улан-Батордағы қазақтардың тұратын шеткі ауданында Түркия көмегімен салынған зәулім де көрікті мешіт пен медресе мұсылмандарға қызмет етуде. Бұл туралы келесі Моңғолия қазақтарына арнайтын постымда кеңірек жазатын боламын.



барлығы ұлттық тарихи тұлғасы-Шыңғысханның бейнесіне шоғырланған.

Шыңғыс хан-Моңғол мемлекетінің ұлттық идеологиясының темірқазығы. Оның өнегелі өмірі, рухани келбеті, саяси тұлғасы бүкіл Моңғолия мен моңғол халқының мақтанышы мен бағытына айналған. Шыңғыс хан атына халықаралық аэропорттан бастап, музей, қала, университет, көшелер берілген. Оның бейнесі бүкіл Моңғолияны жаулап алған.

Осы орайда, біздегі Шыңғыс ханды қазақтың руларына теліп жүрген

кездесу кезінде де бұл жайлы моңғолдық әріптесіміз, «сіздерде кейбір ғалымдар Шыңғыс ханды қазақ деп еш дәлелсіз, негізсіз жазып жүр екен» деп қынжыла отырып айтып еді. «Шындығында, ол жазып жүргендер шынайы ғалымдар емес, кәсібі бөлек әуесқойлар. Тарихшылар Шыңғыс ханды Қазақ мемлекеттілігін қайта жалғаушы, барша түркі-моңғолға ортақ тарихи тұлға ретінде мойындайды» деп ақталуға тура келді.

Шыңғысханшыл жазғыштарға осы орайда сұрақ туындайды. Шыңғыс хан мифологиялық кейіпкер емес.

Моңғолияда мал шаруашылығы өте жақсы дамыған. Бүгінде төрт түліктің барлығы өсіріледі, 78 млн қойлары бар екен. Баян-Өлгейге бара жатқан жолда әр километр сайын 3-4 киіз үйі, мал қорасы бар шаруа қожалықтары кездеседі. Тері өңдеу, қодас, түйе, қой, ешкі жүндері мен түбітінен бұйымдар жасауда бұл ел алда. Елді аралап жүргенімде тері, жүн қабылдайтын сауда нүктелерін көп кездестірдім.

Қой етінің kilosы біздің пұлмен 1000 теңге. Көліктері негізінен Жапонияның жаңа машиналары. Біздегі қарапайым халық мінетін Nexia мен Chevroletтің қызметін жапонның Prius көлігі атқарады. Land Cruiser-лердің неше түрімен қарапайым шаруалар шөп тасып жүр. Жалақылары бізбен шамалас. Моңғол жастары негізінен Корея мен Жапонияға жұмыс жасауға барады екен.

Елдің экономикасының қарқынды дамуына логистикалық проблемалар кедергі келтіріп отыр. Ресейдің экономикадағы әділетсіз, қарау саясатының теріс ықпалы осында да сезіледі.

Қазақ мемлекеттілігінің қайнар бастауы – Түркі қағанаттарының алтын бесігі, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштері де осы жерде. Түркия мемлекетіндей осы ескерткіштерге қамқор болып отырған еш түркі мемлекеті жоқ. Қарақорымдағы 90 км жолды Түркия мемлекеті жөндеп, асфальттап қойыпты. Аталмыш ескерткіштердің қоршаулары түрік ағайындардың көмегімен жаңадан салынғанмен, сапасыз материалдардан жасалғандықтан тоза бастапты. Моңғолия мемлекеті шама шарқынша еге болып, жөндеп, сақтап отыр. Осы орайда, «отыздан енді астық, жас мемлекетпіз» деп айту ерсі.

Түркиямен бірдей осы ескерткіштерге еге болып, сақтау шараларына қатысу елдімізге сын болып отыр. Осы орайда Шыңғыс ханға жабыса бергенше түркі екендігі айдан анық, Білге қағанды, Мұқан, Қапаған, Құтлық қағандар, Тоныкөк пен Күлтегіндермен, Бөрте ханыммен неге мақтанбаймыз, неге уақыт тауып осы жерге келіп, ортақ тарихи ескерткіштердің жай-күйін көріп, қолдан келсе көмектеспейміз деген сұрақ туындайды екен.

Қорыта айтар болсақ, Моңғолия дәл Түркия сияқты бауырлас ел. Бұл елмен мақсатымыз да, тарихымыз да, геосаяси ахуалымыз бен экономикамыз ұқсас. Шыңғыс хан, Білге қаған, Мұқан, Қапаған, Құтлық қағандар, Тоныкөк пен Күлтегін тұсындағы сол баяғы дұшпан көршілер, сол баяғы саясат әлі бар.

Сондықтан да, даңқты ортақ бабаларымыздың аманатына адал боламыз десек Моңғол мемлекетімен байланысымызды дұрыс жолға қоюымыз керек.

Моңғолия қазақтары: бүгінгі мен болашағы

Моңғолияға қазақтардың келу тарихы туралы Зардыхан ағамыздың керемет зерттеуі бар. Сондықтан, уақытарыңызды алып, оны тәптіштеп жазбай-ақ, көзіммен көргенді, көңілге түйгенді баяндап берейін.

Қазіргі кезде Моңғолияда 120 мыңға жуық қазақтар бар. Олардың басым бөлігі Баян-Өлгий аймағында - 90 мыңға жуық. Аймақтың 97 пайызы қазақтардан тұрады.

Қобда аймағында 10 мыңнан астам қазақ қандастарымыз тұрады. Ал, Ұлан-Батор маңайында Налайых, елдің шығысындағы Дархан, Эрдент, Шарынгол деген елді мекендерде де 4-5 мыңнан астам қазақтар тұрады. Ұлан-Баторда 7-8 мың қазақ бар.

Моңғолия қазақтары осы елдегі саны жағынан екінші ұлт. 90-шы жылдардың басына қарай қазақтардың осы елде едәуір саяси, демографиялық және мәдени салмағы болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жыл-



дары шет елдердегі қазақтарды тарихи отанға қайтару науқаны кезінде осы жақтағы қазақтардың біршамасы (90 мыңға жуық) Қазақстанға қоныс аударды да ол жақтағы қазақтардың позициясы біршама әлсіреп қалды. Әйтсе де, табиғи өсім нәтижесінде кеткен қазақтардың орыны қайта толығып, 90-шы жылдардағы санына қайта жетті.

Ұлан-Батор мен қазақтардың құт мекені Баян-Өлгейдің ара қашықтығы 1800 км. Аймақ орталығы Өлгейге 200 км қалған жолда осы өңірдегі тарихи қала Қобда (Ховд) қаласы орналасқан. Алдымен осы сүренсіздеу, артта қалғандау көрінетін Қобда қаласы мен оның азып-тозыңқыраған халқын

жасырын емес).

Ақ үй (Әкімшілікті осылай атайды екен), Орталық кітапхана, драма театры, телестудия, банктер мен мемлекеттік мекемелерде тек қазақтар жұмыс жасайды. Осы орайда, Моңғол үкіметі мен моңғол халқының кеңқолтықтығына алғыстан басқа айтар сөз жоқ.

Бізде де орын алған нарықтық экономиканың ауыр жолынан моңғол қазақтары да өтіп, әбден піскен. Қазақ кәсіпкерлері мал өсіру, тері, жүн өңдеу, құрылыс материалдарын шығару, банк жүйесі, туристерге қызмет еті, сауда-сатық бойынша мықты мамандар болып алған. Дегенмен, біздегі нарықтық жүйеден үлкен айырмашылығы, «есектің артын жусаң да мал тап»



көргенде, Өлгей де осы шамалас ау деген күдік пайда болды.

Дегенмен, Өлгейге кіре берісте-ақ бұл күдігіміздің стереотиптік алдамшы сезім екендігіне көзім жетті. Қазіргі Өлгей мен Баян-Өлгей шын мәнісінде Моңғолияның ең бір дәулетті, қазақтың ұлттық құндылықтары сақталған, халқының бірлігі жарасқан, берекелі өлке екен. Оны көшелердің тазалығынан, көңілі көтеріңкі халқынан, ретімен салынған ғимараттардан, қаланы шарлаған шет елдік туристерден анық байқауға болады.

Өлгейге барғанда екінші бір кіші Отанға - Қазақстанға барғандай сезінесің. Барлық жерде тек қатқаша, базарың болсын, мемлекеттік мекемелер болсын, дүкендер мен көшеде тек қазақша сөздерді естисің (Ащы болса да шындықты айтайын, Алматының әуежайына келгенде-ақ Ресейдің бір қаласына келгендей болатын сезім болатыны

дейтін жабайы да жалмауыз нарық заңына сәйкес келе бермейтін адамгершілік, сыйластық, ағайынға қол ұшын беру, ұлттық құндылықтарға адалдық сияқты байырғы, қазақы дәстүрлі экономикалық қатынастар бағытымен дамуда. Оны дүкендерді, базарды аралағанда, кәсіпкерлермен тілдескенде анық байқайсың.

Нұрлан мен Ермекгүлдің туристерге жалға беретін әулім үйін жалға алып, кеткенше алыстан келген қонақ ретінде алдымызға дастархан жайып, еті мен қымызын тосуын қазақы нарық пен дәстүрдің көрінісі деп бағалауға болады.

Аймақтағы қазақ мәдениеті мен рухани ахуалы да өз бетінше дамуда. Кітапхана, студиялар, драма театры халықтың рухани қажеттілігін толық өтеуде. Алтынгүл Дәлелқызы басқаратын Орталық кітапхананың жұмысымен танысу барысында кітапхана қызметкерлерінің ақпараттық технологиялар заманында жаңа

әдістермен жұмыс жасап жатқандығының куәсі болдық. Әсіресе, бала бақшадан бастап, ересек адамдарға дейінгі оқырмандарға жеке жағдай жасау, тіпті, үйінен шыға алмайтын кісілердің үйіне кітап жеткізіп беру, түнгі кітапхана-кафе тәсілдері біздегі кітапханаларға батыл енгізуге болатын жаңалықтар екен.

Өлгейде және Ұлан-Батордың маңайындағы Налайыхта Түркия көмегімен әулім мешіт пен медресе салыныпты. Бұл діни орындар да қазақ мәдениетінің ошағына айналып, жастарымызды жат діндердің жетегінде кетпей, ұлттық құндылықтарды сақтауға жәрдемін тигізіп отырған киелі орталыққа айналыпты.

Жалпы, Моңғолия қазақтары-Қазақстан үшін зиялы қауым дайындайтын өндіріс іспетті. Елімізге белгілі Зардыхан Қинаятұлы, Қаржаубай Сартқожаұлы, Досан Баймолда, Бекен Қайратұлы, Ботакөз Уатқан, Нәпіл Базылхан, Бабақұмар Қинаятұлы, Қатран, тб (тарихшы болғандықтан осы кісілердің есімдері есіме түсіп отыр) зиялылар осы Моңғолия тумалары.

Сапар барысында әлі Қазақстанға танымал бола қоймаған жас зиялылардың келесі бір буынымен таныстық. Өмірбек Биқұмар, Уатхан Елтай, Зәуреш Смағұл, Алтынбек Тоқтарбай, Шынарбек Сейтхан сынды жастарымызды моңғол қазақтарының болашағы деп санауға болады.

Баян-Өлгейді аралағанда Моңғолия қазақтарын басқа шет елдегі қазақтардан бөле қарау қажеттігін сезіндім. Оларды Қазақстанға көшіріп алғанда қазақтың саны өсіп кетпес. Бірақ, Моңғолиядағы қара шаңырақтан біржолата айырларымыз айдан анық.

Толерантты кең қолтық Моңғол үкіметі мен моңғол халқы тарапынан қысым жоқ. Керісінше, осы өлке Моңғолияға туризм саласы бойынша қомақты қаржы әкеліп отырған берекелі аймақ. Сондықтан, біздің Үкімет Моңғолия Үкіметімен тығыз байланыста болып, екі елдің арасындағы әуе, жол байланыстарын реттесе, шет ел қазақтары кәсіпкерлеріне арнап қаржылық ұйым құрылса, Қазақстанда байыған моңғолиялық қазақ кәсіпкерлерін тартып, инвестициялық қорлар құрылса, жастарының елімізде білім алуына жағдай жасалса, қазақтың өрісі кеңейер еді. 22 араб елі бар, неге мәдени автономия құқығында болса да бірнеше қазақы аймақ болмасақ?

Тағы бір айтарым, Қазақстанға ертерек кеткен моңғолиялық қазақтардың Өлгеймен байланысы өз дәрежесінде емес. Өлгейдегі Орталық кітапханада «Біздің жерлестер» атты қабырға бейнеде тек сол жерге қызмет еткен зиялылардың суреттері ілініпті. Зардыхан мен Қаржаубай аға, Нәпіл мен Бабақұмар бауырларымыздың суретін де, олар туралы мәліметтерді де кездестірмедім. Бұл екі елдегі зиялылардың арасындағы байланыстың әлсіздігін көрсетеді.

Осы орайда айтарым, біздің мемлекетіміз моңғол билігімен ымыраға келіп, Баян-Өлгейді ерекше назарына алуы тиіс. Бұдан өзге, бізде көтеріліп, табысқа жеткен моңғолиялық қазақ кәсіпкерлерден бастап ғалымдарға дейін Өлгеймен байланыстарын қайта қараса, кәсіпкері инвестиция жағынан, зиялылар рухани тұрғыда көмек беріп, алыс-берісті жандандыра туған жерге құрмет пен жанашырлық екі жақты болар еді.

Біздің жақта бұл дәстүр жолға қойылған ғой. Мектеп бітіргеніне 25, 30, 40, 50 жыл толғандар, елден шыққан кәсіпкерлер туған мектебіне, аулына қаржылай көмектесіп жатады. Бұл дәстүр моңғол қазақтарына да аса қажетті игі шара екен.

Жомарт ЖЕҢІС,
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары,
Тарих ғылымдарының кандидаты.

Пробация-жазалы болған азаматтарға деген ізгілікке толы қамқорлық

Қылмыс жасап заң алдында жауап берген адам үшін бас бостандығынан шектеу жазасына тартылу үлкен мүмкіндік. Пробация қызметінің бақылауына алынған адамдардың өзі сот жүктеген міндетті орындамай, бас бостандығынан шектеу жазасынан бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылып жатады. Олар өздерінің жіберген қателігін әсте ескермесе

ты. Пробация қызметінің есебінде тұрған және түзеу мекемелерінен босатылған азаматтар арасында ұлттық ойындардан жарыс өткізілді. Атап айтсақ қол күрес, арқан тартыс, қыт тасын көтеруден сайысқа түсті.

Сонымен бірге С.Қожанов атындағы Созақ аудандық тарихи-өлкетану музейіне барып ауданымыздың тарихынан мол мағлұмат алып қайт-

тылған адам заңды қаскөйлікпен бұзған жағдайда ол жазаның өтелмеген бөлігін абақтыда өтейді. Кейбір азаматтар өздеріне Үкімет тарапынан берілген мүмкіндікті жіберіп алып, қамауға жіберілгенде өкініп жатады. ПҚ бөліністері және Жергілікті полиция қызметтерінің қызметкерлері қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталғандарға қатысты қадағалау мен

түсіндіріледі.

-Қазіргі таңда Созақ ауданы бойынша, 37 азамат пробациялық бақылауға алынған. Пробация қызметінің мамандары жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, осы азаматтардың қайта қылмыс жасамауға және құқықбұзушылықтарды болдырмау үшін жұмыс жасауда. Олардың жүріс-тұрысын бақылап қана қоймай, заңгерлік, ме-



керек. Сөйтіп, өздеріне Үкімет тарапынан берілген мүмкіндікті қапыда қалт жіберіп алады. Сонымен қатар, пробация қызметі деген не? Оның мақсаты мен міндеті қандай? Пробация есебінде тұрғандарды тәрбиелеу үшін қандай жұмыстар жасалауда?

Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде «Созақ жастары» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Пробация қызметінің есебінде тұрған және түзеу мекемелерінен босатылған адамдарды қайта әлеуметтендіру, қоғамдағы қылмыстың алдын алу мақсатында бірқатар іс-шаралар жоспарланып жүзеге асты.

- Пробация қызметінің есебінде тұрған және түзеу мекемелерінен босатылған 15 адам киелі орындарға экскурсия ұйымдастырылды. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесі, Ысқақ баб мавзолейінде, Арыстан баб мавзолейінде болып зиярат жасап құран бағыштап қайтты. Сонымен қатар «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық музейі- «Әзірет сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі бырып ондағы көне жәдігерлермен таныс-

ты. Сонымен бірге осы азаматтарға Созақ аудандық пробацияқызметі бөлімшесінің басшысы әділет майоры Нұрбек Сарсенбаев құқықтық көмек біріп заң талаптарын түсіндіріп берді.

Пробация қызметіне қысқаша тоқтылып өтсек. «Пробация» – латын тілінен аударғанда «сынау» деген мағынаны білдіреді. Бас бостандығынан айырмайтын жазаға кесілген немесе неғұрлым жеңіл жаза түріне ауысып шыққандарды босаған сотталушыны бақылап және тексеріп қана қоймай, оған еркін өмірге бейімделуге, жұмысқа орналасуына, білім алуына көмектесу пробация қызметкерлерінің басты міндетінің бірі. Адамның қылмыс жасағанына қарамастан, оның түрмеге отырмауына мүмкіндік беру болып табылады. Ол үшін қылмысқа барған адам сот міндеттеген шарттардың барлығын бұлжытпай орындауы қажет. Міне, осылайша, байқаусызда сүрінген жандар болса, оларды түзеу мекемесіне отырғызбай, қайта тәрбиеленуіне мүмкіндік беріп, әлеуметтік мәселелері болса шешуге ықпал жасайды.

Пробация қызметінде бас бостандығынан шектеу жазасына тар-

бақылау жұмыстарында ҚР ІІМ-нің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 511 бұйрығымен бекітілген «Пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы», 2014 жылғы 18 тамыздағы № 517 бұйрығымен бекітілген «Пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасасу туралы» қағидалардың және ҚР заңнамаларын басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу мерзімі-пробация қызметі заңды күшіне енген сот үкімін, қаулысын орындауға қабылдаған күннен бастап, олардың тұрғылықты жері бойынша жүзеге асады. Пробациялық бақылау мерзімі шартты түрде сотталған адамды пробация қызметінің есебіне қойған кезден бастап есептеледі. Тіркелуі үшін Пробация қызметіне келу күндерін белгілейді. Сотталған адамға сот жүктеген міндеттерді орындау тәртібін және мәжбүрлі еңбекті орындау немесе орындамағаны және пробациялық бақылау шарттары мен тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту тәртібі де

дициналық, психологиялық және тағы да басқа көмектер көрсетілуде. Олар өздерін қоғамға қажет екенін түсініп, тура жолмен жүруге тырысады.

Пробация қызметінің құрылғанына көп уақыт өте қойған жоқ. Дегенмен, қоғамнан оқшауламай-ақ, қылмыстық жазаларды барынша кеңінен қолдануға жағдайлар туғызып отыр. Бұл – тура жолдан адасып, жазалы болған азаматтарға деген ізгілікке толы қамқорлық. Олардың түзеліп, қоғамның бір бөлшегіне айналады деген берік сенім бар. Сотталушының кінәсі қанша жерден ауыр болса да, ол мемлекетіміздің азаматы деген аттан айырылмайды. Пробациялық бақылау – істі болғандардан еш алу мақсатында емес, керісінше оларды тәрбиелеу үшін қолданылатын қызмет. Пробация қызметінің есебінде тұратын адамдарға әртүрлі көмек көрсету. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалардың заңмен айқындалған түрлерін орындау болып табылады.

Жандар БЕКБЕРГЕНҰЛЫ,
«Созақ жастары» ҚБ төрағасы.

БЖЗҚ

Сұраңыз, жауап береміз

-Әлеуметтік кодексте БЖЗҚ-дан кесте бойынша берілетін төлемдерге қатысты өзгерістер көзделген деп естіген едім. Нақты қандай өзгерістер енгізілгені туралы хабардар етіңізші?

-БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру тәртібінде аса үлкен өзгерістер болған жоқ.

Әлеуметтік кодекс күшіне енген 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап төлемдер зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру сәтінде белгіленген тәртіп

бойынша жүргізіледі. Бұған дейін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013 жылғы № 1042 қаулысымен бекітілген зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне сәйкес ай сайынғы зейнетақы төлемінің мөлшері алушының өтініш берген күнгі зейнетақы жинақтары сомасынан есептелетінеді.

Мысалы, №521 Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, егер зейнетақы жинағының сомасы БЖЗҚ-дан төлем жасалған күнгетісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі зейнетақының он екі еселенген мөлшерінен аспаса, бұл сома алушыға БЖЗҚ-дан бір рет біржола төленеді.

Әйтпесе, кесте бойынша Төлем тәртібі өзгеріссіз қалды. Әлеуметтік кодекстің 207- бабының 1 тармағына сәйкес жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау жүргізіледі:

Бұл ретте әйелдердің жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау:

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2028 жылғы 1 қаңтарға дейін - 61 жасқа толғаннан кейін;

2028 жылғы 1 қаңтардан бастап-61,5 жасқа толғанда;

2029 жылғы 1 қаңтардан бастап-62 жасқа толғанда;

2030 жылғы 1 қаңтардан бастап-62,5 жасқа толғанда;

2031 жылғы 1 қаңтардан бастап-63 жасқа толғанда жүргізіледі.

Зейнетжасына толуына байланысты кесте бойынша төлемдер тағайындалу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жүгіну қажет. 1 немесе 2 топтағы мерзімсіз мүгедектігі бар адамдар төлем тағайындалу үшін БЖЗҚ-ға жүгінуі тиіс. Мұны Қор бөлімшелерінің бірінде немесе eprf.kz сайтындағы Жеке кабинетте жүзеге асыруға болады. Сонымен қатар, осы санаттағы алушылар eprf.kz сайтындағы «Электрондық қызметтер» бөлімінде электрондық өтінім беру арқылы БЖЗҚ мамандарының мобильді тобын шақыра алады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Ынсапсыздарға ырық бермейік!

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың бірыңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен елдің даму стратегиясын оның басымдылықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес науқандық жұмыс емес. «Жемқорлық- індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те толастамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-7-24, 4-7-27, 8-700-467-93-72, 8-700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

Бақдәулет ӘБІШ,
Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының кеңесші- іс басқарушысы.

Пейіштен орын берсін жасаған



Сызған ауылы, Қозмолдақ елді мекенінің тұрғыны, асыл әке, ардақты ата, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Төрегелдиев Серік Рахымұлының** дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Ардақты жанның нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы.

Асыл жан ең бәрімізге қадірлі, Бәрінен де биік қойдың арыңды. Ұл-қыздың тәрбиелеп өсірдің, Олардан сен аямадың барыңды.

Ажал сені алып кетті ортадан, Енді қайтып келмейсің-ау қайтадан. Жайқан жерің жайлы болсын әкеңің, Пейіштен орын берсін жасаған, - дей келіп, Серік Рахымұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 6 қазан күні (5 қазан – қонақ асы) Сызған ауылы, Қозмолдақ елді мекеніндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: жұбайы, ұл-қыздары, немерелері.

Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда...

Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі болған **Нышанбаев Фазиз** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз.

Кетсеңдағы бізден алыс мәңгілік,

Жүрміз әлі сағынышпен қамығып.

Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда,

Жадымызда тұрар әркез жаңғырып, - деп, асыл әкеміз Фазиз Нышанбаевтың рухына бағыштап жылдық асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 7 қазан күні (6 қазан – қонақ асы сағат 18:00-де) Шолақорған ауылы, Ә.Әшірбеков көшесіндегі өз шаңырағында сағат 12:00-де беріледі.

Асқа шақырушылар: жұбайы, бауырлары, ұл-қыздары.

Аудандық ардагерлер Кеңесі еңбек ардагері, зейнеткер-ұстаз, білім беру ісінің үздігі

Төрегелді Жүнісбековтің

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына, қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-7-24, 4-7-27, 8-700-467-93-72, 8-700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Хабарландыру!

2024 жылға еңбекші көшіп келушілердің квотасын қалыптастыру үшін, еңбекші көшіп келушілердің үй шаруашылығында жұмыстарды орындауға (қызметтер көрсетуге) тартуға, «Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-сі 2023 жылдың 10 қазанына дейін жұмыс берушілерден өтінімдер қабылдайтындығын назарларыңызға жеткіземіз!

Қосымша ақпарат алу үшін: 87004679334
Мекен-жайы: Шолақорған ауылы, Әйтеке би көшесі, нөмірсіз үй.

Сколиоз ауруының алдын алу

Мектеп – адам өміріндегі маңызды кезеңдерінің бірі, оның арқасында бала көптеген жаңаны біледі. Бірақ өкінішке орай, пайдалы білімдермен қатар мектеп оқушылары қосымша тағы көптеген ауруларды алады. Ас қорыту жүйесінің аурулары, көру қабілетінің нашарлауы, невроз, тыныс алу мүшелерінің аурулары және сколиоз.

Оқушылар арасында кең таралған аурулардың бірі дене бітімінің бұзылуы мен сколиоз болып табылады. Сколиоз – омыртқаның бір бүйірге қарай қисаюуы. Сколиоздың туылғаннан болатын және жүре пайда болатын түрлері бар. Мектеп кезіндегі балаларда ең көп кездеседі. Себебі, 7-9 және 12-14 жастар арасында сколиоздың ең дамитын кезі.

Оқу сабақтары кезінде оқушының бойы мен дене бітіміне жинақтар сай келмеген жағдайда дене біті-

мінде шаршау, әлсіреу, әрі ыңғайсыздану пайда болады. Омыртқа салмақтың біркелкі түспеуінен дене бітімінің бұзылуы мен сколиоз рефлекторлы тұрғыда пайда болады. Соған қоса мәселе мектеп оқушылары күнде мектепке апаратын оқулықтары бар ауыр иыққаптар.

Сколиоз асқынған жағдайда ішкі ағзалардың басылуына және жүрек-тамыр, тыныс алу жүйелері жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан оның алдын алып, сколиоз ауруы дамыса, дер кезінде амбулаторлық ем қолдану керек болады. Емдеу дене шынықтыруды өткізу, спортпен айналысу (шаңғы, баскетбол, волейбол, әсіресе суда жүзу). Дене бітімінің бұзылуын көп жылғы жаттығулармен түзету мүмкін.

Оқушылардың дене бітімінің дұрыс қалыптаспауына, дене бітімінің бұзылуын ал-

дын алу мақсатында таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру, үй жағдайында жаттығулар жасау, әсіресе, мектептерде алуан түрлі пайдалы жаттығулармен шұғылдану әсер етеді.

Осы аурулардың алдын алу үшін:

Бала жас кезінен бастап дұрыс тамақтану, таза ауада болу, мезгілімен ұйықтау; Ұйықтағанда баланың басы кішкентай жастықта, денесі қатты төсекте жатуы керек, бала бір жағында жатқанда — омыртқа жотасының қисайған омыртқа доғасы астына жастық салып жатқан жөн;

Дұрыс аяқ-киімді таңдау; Сөмкелерді, рюзактарды кию кезінде жүктің омыртқаға бірдей таралуы енеді;

Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының денсаулығын ұзақ сақтай аламыз.

Консервілеу барысында мына қағидаларды ұстаныңыздар!

Ботулизм - жалпы организмнің улануына әкеліп соғатын инфекциялық аурудың ауыр түрі. Ботулизм Clostridium botulinum таяқшасы бөліп шығаратын улы затпен (токсин) бүлінген тамақтан жұғады. Ботулизмнің қоздырғышы адамның, жануарлардың және балықтардың ішек жолдарында болады. Топыраққа түскеннен кейін спораға айналып, онда бірнеше жыл бойы сақталады. Ботулизм адамдарға көкөністен, саңырауқұлақтан, еттен, балықтан технологиялық ереже сақталмай дайындалған әр түрлі консервіленген тағамдарды пайдаланғанда жұғады. Ауру белгісі 2-12 сағаттан кейін байқала бастайды, адамның басы ауырып, әлсірейді, құсады, аузы құрғап тұрады. Сонымен қатар көздің қарашығы ұлғайып, зат қосарланып көрінеді, адамның жұтынуы қиындап, бірте-бірте даусынан айрылады (афония). Ботулизмнің алғашқы белгісі білінісімен науқасты ауруханаға жатқызу керек. Оған жедел түрде Ботулизмге қарсы арнаулы иммунды сарысу егіледі. Бұл аурудан сақтану үшін азық-түліктерді өңдегенде, тасымалдағанда, сақтағанда, дайындағанда, соның ішінде үйде консервіленген санитарлық-гигиеналық ережелерді мұ-

қият орындау қажет.

Ботулизмнің алдын алу дағы негізгі іс-шаралардың бірі – ол ботулизм қоздырғышының (Cl.botulinum) шикізатқа түсуін болдырмау, жылы өңдеуден (стерилизациядан) дұрыс өткізу, споралардың вегетативті түрлерінің көбеюін болдырмау, консервіленген дайын тағамда токсиннің пайда болуына жол бермеу шараларын жүргізу. Үй жағдайында консервілеу кезінде ботулизмнің алдын алу үшін барлық ережелер қатаң сақталуы керек. Осыған байланысты консервілеу барысында үнемі шикізат сапасына қатаң қадағалау жүргізу керек:

-бұзылған жеміс-жидектерді, топырағынан тазартылмаған көкөністерді қолдануға тыйым салу;

-сапасы жақсы ауыз су қолдану, шикізат пен көмекші материалдарды жақсылап жуу ағынды сумен жуу (топырақтан тазарту, ұрылған, бүлінген жерлерді кесіп тастау);

-консервілеуге жататын ыдыстарды (шыны банкалар) 10-30 минут стерилизациялау қажет;

-консервілеуге жататын өнімдерді шамамен 85-90 градус температурада термиялық өңдеу керек;

-ботулизмнің қоздырғышы қышқыл ортаны ұнатпайды.

Сондықтан үйде консервілеу кезінде рецепт бойынша сірке суын, лимон қышқылын қосу қажет;

-белгісіз сауда орындарынан, көше бойында орналасқан сатушылардан консервіленген өнімдерді сатып алмау қажет;

-егер банкалардағы сақтау кезінде қақпақтары ісінген белгілері болса, бұл консервілерді жеуге тыйым салынады;

-егер банка ішінде ауа көпіршіктері пайда болса немесе біртіндеп бұлдырлық пайда болса, оны дереу тастау қажет;

-аурудың қоздырғышы қайнату кезінде жойылады. Сондықтан жаңадан ашылған дайындамаларды (консервіленген банкаларды) тұтынар алдында 15-20 минут термиялық өңдеу ұсынылады.

Өзіңіздің денсаулығыңыз өз қолыңызда! Егерде жоғарыда аталған клиникалық белгілерді өзіңізден байқасаңыз міндетті түрде медициналық жедел жәрдем көмегіне жүгініңіз. Себебі, ботулизм аурушандығымен летальді жағдай (өлім жағдайы) орын алуы әбден мүмкін.

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭББ басшысы.

Туыстық жағынан адамға жақын болып келетін жеңгелердің орны бөлек. Әдебиетте де, күнделікті өмірде осы аяулы жандар туралы жылы сөздер көп айтылады.

Шынында, бала кезімізде жеңге деген сөзді рахаттана айтып, оларға қатты еркелейтінбіз. Мен ғана емес сол кездердегі кішкентайлардың бәрі жеңгелерге ерекше құрмет көрсететін. Олардың сыпайы жүрісі, ізеттілігі, тіпті аталарына

топырақты бұрқыратып ілесеміз. Кей балалар сүйіншілеп үйлерге қарай асығады. Кішкентай балақайлар біздің ізімізден ереді.

Ауылға көлік тізбегі келіп кіріп, ағамның үйіне жеңіл көліктер тұмсығын тірек тоқтайды. Төңіректі көліктің дабылынан жаңғырады. Үйден ағамның анасы шығып, келіннің орамалын тағады. Жеңгелер жетектеген бойы шымалдық тұтылған бөлмеге жас келінді алып кіреді.

Жаны жайсаң жеңгелерім

сәлем салғанына дейін біздерге үлгі еді. Үйдегі қайын, қайнағаларының, қайын сіңілілерінің атын атамай ат қойып, әдеп сақтайтын. Сол кездері олардың аузынан Еркебала, Еркеқыз, Аппаққыз, Кішкене қыз, Ұзын бала, Тракторшы қайнаға, Сырғалы қыз, Еркем-ай, Тәтті қыз, Кенже бала, Кербез қыз, Ерке бала, Қара бала, Мөлдір қыз, Қу бала деген сияқты аттар қойып, оларды өз аттарымен атамайтын. Әрбір үйде бақыт шамын жаққан жеңгелерге деген қайын-қайнағалардың, қайынсіңілілердің құрметі ерекше-тін. Қайран жеңгелеріміз келген үйінің барлық шаруасын дөңгелете жүріп, біздерді әзілдерімен қағытып қоятын. Сиыр сауу, үйді жинау, балаларын тамақтандыру, қонақ күту, ағаларымыздың қас-қабағына қарау жеңгелеріміз атқаратын шаруа-тын. Күбіге піскен айранын, жайған құртын, табаға пісірген нанын, балдай тәтті ірімшігін сүйсіне жейтінбіз. Үйдегі шаруалар жасалмай қалса ағамыздың қабағы қас жабылып, жеңгемізді қамшының астына алатын. Сондай сәттерде де ағама қарап тіл қатпайтын қайран жеңгелерім-ай!

Ауылдағы бойжеткендер жеңгелерімізге қарап бой түзейтін. Солармен сырласатын. Жеңгелерім баршаның тілін таба білетін еді. Қайындарымыз әзілімінен еркелететін. Әрбір істің көзін тауып, асықпай жүріп көп шаруа атқаратын жеңгелерім-ай! Сол жайдары мінезімен, сыпайы жүрісімен бәрімізге ұнайтын. Жібектей есілген мінездеріне қайран қалатынбыз.

Бір-екі жеңгеміздің келін боп түскен сәті әлі күнге дейін көз алдымда. Келін түседі деп бүкіл ауыл болып күтіп жүрміз. Күн жақындаған сайын тағатсызданып, тыным таппаймыз. Біздер, яғни балаларға келін түскен сәт үлкен мереке. Бүкіл ауылды жаңғыртып көліктер дабыл береді. Сол кезде балалар әлгі көліктердің ізінен

Осы сәтте біздер, балалар жоғарыдағы көріністі тамашалап тұрамыз. Сыртта, аулада жастардың биі басталады. Балалар жиналып алып, ойынға кірісеміз. Сол уақытта «Тиркан» деген ойын болушы еді. Соны ойнайтынбыз. Екі топқа бөлініп алып, бір-бірімізді іздейтінбіз. Қарсылас жақтың ойыншысы табылған сәтте ол ойыннан шығады. Сөйтіп бір-бірлеп ойыннан шығарып үлгереміз. Сонда қарсылас жақ жеңілген боп табылады.

Әбден ойынымыз біткен соң әлгі той болып жатқан үйге ораламыз. Осы кезде келіннің ізінен «қуғыншылар» келіп келін түскен үй азан-қазан болып жататын. Қуғыншылар келген бетте шатақ шығарады. -Шығар қызды, әуелі өзімен сөйлесеміз,- деп қиғылықты салады. Мұндайда біздің асыл жеңгелеріміз бәйек болып, келушілерді биге шақырады. Әлгілер бір-екі биден кейін барып сабасына түседі. Түннің бірауында қуғыншыларға ас беріліп жатады. Біз де далада ошақ басында дәмнен ауыз тиеміз.

Сондағы жеңгелеріміз бұл күндері жетпісті еңсерген ауылдың әжелері болып қалғанын көріп уақыттың тым тез өтіп кеткеніне қайран қаламын.

Десе де сол жаны жайсаң жеңгелерім бізді әлі де баладай сезініп, әзіл-қалжыңын айтып, қайын мен жеңге арасындағы керемет сыйластықты үзген емес.

Ауылға барған сайын жылы жүзбен, әдемі күлкісімен қарсы алып, ілтипатын білдіріп жатады.

Қайран жеңгелерім-ай! Өте шыққан жастық шақ-ай деп әдемі әзілмен қағытып қоямын. Олар сол баяғы жаулықтары желбіреген қалпында көз алдыма келеді. Мен де бозбала шағымды, жігіттік кезеңімді еске аламын.

Аман жүріңдер, жаны жайсаң жеңгелерім!

Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.

Кезекті көшпелі мәжіліс өтті

Қыркүйектің 21-і күні Созақ ауылындағы мәдениет үйінде Қазақстан Ассамблеясы құрылымы- Созақ аудандық Ақсақалдар кеңесінің кезекті III көшпелі мәжілісі өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша, Созақ ауылдық округінің әкімі Б.Аяпов «Қоғамдық келісім мен жалпыхалтық бірлікті нығайту, мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бағытында атқарған жмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы», аудандық білім бөлімінің әдіскері Е.Досболлов «Созақ ауданы білім бөлімінің жасөспірімдер мен жастардың бойында жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бағытында атқарған жмыстары мен тәрбие ісінің негізгі бағыттары туралы» хабарламалар жасады.

Әуелі Созақ ауылының өнерпаздары өзбек, қазақ әндерін шырқап, келген қонақ-



тарға концерт көрсетті. Мың бұрала би де биленді.

Мәжілісті аудандық Ақсақалдар Кеңесінің төрағасы Б.Тұрғанбаев жүргізіп отырды.

Ақсақалдар кеңесінің кезекті мәжілісіне кеңес мүшелері, Созақ ауылының тұрғындары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Хабарламалар тыңдалып болғаннан кейін қатысушылар ой-пікір, ұсыныстарын ортаға салды.

Келіп қатысқан көпшілік осындай мәжілістер жиі өткізіліп тұрса деген тілекпен тарады. Мәжілісті аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Б.Тұрғанбаев қорытты.

«Созақ үні»-ақпарат.

Жерлестеріміз Футзалдан чемпион атанды

Оқырмандарымыздың есінде болса жуырда ғана барша облыс, аудандардағыдай біздің Созақ ауданында да «Спорт клубы» ашылған болатын. Созақ намын иемденген спорттық клубтың басшы-

ның бірі үстіміздегі жылдың 22 қыркүйегінде ауданымызда орын алды. Нақтырақ айтсам, Футзалдан Түркістан облысының қалалық, аудандық спорт клуб мекеме қызметкерлері арасындағы спарта-

Ал енді, аталмыш ойынның жоғарғы деңгейде өтуіне атсалысқан, әділ төрешілігін көрсеткен Созақ аудандық №2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушыларына және ар-



лығына да осы салада үлкен тәжірибесі бар ардагер ұстаз-спортшы Талғат Бекқұлиевтің келгенді жөнінен де аудан жұртшылығы хабардар. Талғат Нағиұлы клубтың тізгінін қолына алар- алмас бірнеше спорт түрінен Созақтың мақтаншы боп жүрген азаматтарды клубқа жұмысқа тарта білді. Нәтижесінде, «Созақ спорт клубы»-деген атпен аудандық, облыстық деңгейдегі байрақты бәсекелерде бағын сынаған кіл мықты спортшыларымыз мен үнемі сөз ететін «Созақ спорты»- на тиесілі жұлде қоржынымызды жұлделерге толтырып келеді. Сондай бір айтулы шара-

киада өткен болатын. Ай сайын дәстүрлі түрде әр спорт түрінен өтетін жарысты бұл жолы футболдан Созақ спорт клубы командасы ұйымдастырды. Облыс аумағындағы аудандық спорт клубтардан 9-команда катысып, бақтарын сынады және жұлделі орындарды өзара, төмендегі ретпен бөлісті: III-орын Мақтарал спорт клубы командасы, II-орын Жетісай спорт клубы командасы, I-орын Созақ спорт клубы командасы иеленді. Қонақтармен жерлестеріміздің көңіл- күйлерінен аңғарғанымыз ойындар өте тартысты және жоғарғы деңгейде өтті.

найы Атажанов Әмірге футболға жиылғандар алғыстарын білдіріп жатты! Футзалдан жарыстың өтілу барысында, яғни, түскі үзіліс кезінде алыс- жақыннан келген меймандарға арнайы түскі ас берілді. Дәм үстінде «Созақ спорты клубы» – ның басшысы ұзақ жылдардан бері өзіне ұстаздық еткен өмірдегі және еңбектегі жол нұсқаушысы Жолдасбек Талымов қарияға алғысын айтып, сый- сыяпат жасады!

Сонымен, жоғарыда айтқанымдай Созақ спортының жұлде қоры тағы да толықты!

Данияр БЕК.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бақытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржанай МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай